

ТҮБІ

МИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

август Сейсенбі

жеке саны 20 тыһып.
Шығуына 33 жыл

Облыс еңбекшілері! Егін жыйнау мен астық дайындауды ұйымшылдықпен өткізейік, сөйтіп, мемлекет алдындағы бірінші парызды мінсіз өтеу арқылы елімізде коммунизм орнату ісіне келелі үлес қосатын болайық!

ндауды ік

ауылшаруашылық
ылшаруашылығын
жауапты жұмыс.
ет және ауылшар-
ң тікелей міндеті
ардың ұйымдасқан
суге міндетті. Ол
алғашқы күндері-
байндарды толық
комбайнның еңбек
інін батыл күрес-
Бұл жолда әрбір
ң, сол сыяқты, рес-
ымыздың алдыңғы
ының озат әдісте-
олдануына жетісу

ыра колхоздардың
наудың қарқынын
болғанда текқанч
байндар мен ком-
күшіне сенді, сөй-
кай машиналарды
сіне немқетті қара-
іс әдетке мүлдем
і керек. Әңгіме,
мен бірге, басқа да

Егін жыйнау—маусымды жұмыс!



АСТЫҚ ҚОЛМА-КОЛ ТАЗАРТЫЛАДЫ


БУЛАЕВО. (Телефон арқылы алынды).

Ауданның колхоздары мен совхоздарында егін жыйнау жұмыстары күн санап кеңінен өрістей түсуде. Бұрнағы күні Сталин атындағы колхоздың № 2 бригадасы билдай жыйнауға кірісті. Бұл жұмысқа бригадада бір «Сталинец» комбайны қосылды.

Егін жыйнауға Буденный атындағы колхоздың колхозшылары да кірісіп отыр.

Аудан совхоздарының барлығы дерлік көпжылдық екі шөптердің тұқымын жыйнау жөніндегі тапсырманы ойдағыдай орындады. Бұл жұмысты тыңғылықты аяқтаған Совет астық совхозының № 4 бөлімшесінде екі күннен бері сұлы орылып жатыр. Совхоз кеше дайындау орнына жүздеген центнер астық жөнелтті.

Осы сыяқты Ұзынқол астық совхозының № 2 және № 3 фермаларында сұлы мен күздік егін жаппай жыйналып жатыр. Совхоздың үшінші бөлімшесінің комбайншысы Журавлев жолдас кеше тіркеудегі «Сталинец» комбайндарымен 38 гектар жердің егінін жыйнады. Бастырылған астық қолма-қол тазартылып, дайындау



СУРЕТТЕ: Баян МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері И. Қалмыков жолдасның өзінің көмекшісі Хамит Хасеновпен бірге егін жыйнауға шығар алдында ком-

Мал басының өсуі—берік жемшөп қоры жасалуына байланысты

ОЗАТ МАШИНАШЫ

Аушахимов жолдас Ленин ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың мүшесі. Ол № 4 бригадалағы кең алымды шөп машинасымен пішен шабуда жұмыс істеп, өзінің қажырлы еңбегімен басқаларға үлгі көрсетуде.

Оңтүстік қазақстандықтардың үндеуін бірінші болып қызу қолдап, Аушахимов жолдас өзіне ұлғайтылған міндеттеме алған болатын. Озат колхозшының берген сөрті, алған міндеттемесі іске аспай қалған жоқ. Кең алымды шөп машинасымен пішен шабуда күндік норманы үнемі артырымен орындау Аушахимов жолдас-тың дағдылы ісіне айналды.

Тапсырманы орындау үшін машина жұмысқа жарамды болуы керек. Сондықтан да ол машинасын әрқашан да күтпіп ұстап ұсақ бөлшектерін майлап отырды және жұмысқа ұқыптылықпен пайдаланады.

Кәзір озат машинашы мал азығының біржарым жылдық берік қорын жасау ісіне келелі үлес қосу үшін күндік тапсырманы 200 проценттен орындауға сөрт беріп отыр.



Явленка ет-сүт совхозының тандаулы бұзау күтушісі Мария Шкурина жолдас бұзаулардың орта тәуліктік салмағын 902 грамға жеткізді.
СУРЕТТЕ: М. Шкурина жолдас.

орындарының, колхоз, совхоз, МТС басшылары мен бастауыш партия ұйымдарының егін жыйнау және астық дайындау сыяқты аса жауапты ауылшаруашылық жұмыстары кезіндегі басты міндеті — осындай мүмкіншіліктер мен патриоттық еңбек өрлеуін коммунизмге қарай адымдап алға басын бара жатқан еліміздің игі табыстары жолындағы жаңа жеңістерге жігерлендіре білу болып табылады.

Жоғарыда колхоздарымыз бен совхоздарымыздың және МТС-теріміздің көпшілігі егін жыйнауға кірісті дедік. Сонымен бірге, егін жыйнауға және астық дайындауға әлі толық әзірлене алмай отырған шаруашылықтарымыз да бар екендігін мойындауымыз керек. Олай болса, егін жыйнау мен астық дайындауға әзірлікте артта қалған шаруашылықтардың бүгін таңдағы басты міндеті—бұл сыяқты аса маңызды саяси-шаруашылық науқанға әзірлікті таяуды екі-үш күн ішінде аяқтап, егін жыйнау мен астық дайындау жұмысына барлық жағынан тығрылықты әзірлікпен кірісілуін қамтамасыз ету болып отыр.

19 мың мұғалім сырттан оқыйды

Бастауыш және жетіжылдық мектептердің 19 мың мұғалімі, соның ішінде 9 мыңға жуық қазақ мұғалімдері педагогикалық, мұғалімдік институттарының және педагогикалық училищелердің сырттан оқытатын бөлімдерінде өздерінің педагогикалық мамандықтарын арттыруда.

Кәзір республиканың педагогикалық, мұғалімдік институттары мен педагогикалық

үйімеуін қарастыру болуға тиіс.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру ауыл шаруашылығындағы аса қауырт кезең. Бұл жоғарыда аталған жұмыстарға колхоз және совхоз жұртшылығының жаппай жұмылдырылуын, олардың Отан және халық игілігі үшін қажырлы еңбек етуін қамтамасыз етуді талап етеді.

Бұл міндет жергілікті партия, совет ұйымдарынан, сол сыяқты, бастауыш партия ұйымдарынан егіншілер арасындағы егін жыйнау мен астық дайындауды қысқа мерзімде өткізу жолындағы социалистік жарысты және үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуді талап етеді. Демек, барлық шаруашылық жұмыстардың ойдағыдай шешілуі социалистік жарыспен үгіт-бұқаралық жұмыстың дәрежесіне байланысты.

Облыс еңбекшілері! Егін жыйнау мен астық дайындауды ұйымшылдықпен өткізейік, сөйтіп, мемлекет алдындағы бірінші парызы мінсіз өтеу арқылы елімізде коммунизм құрылысы ісіне келелі үлес қосатын болайық!

училищелерінде сырттан оқушылардың жаңы емтихан сессиясы аяқталуға жуық. Быйыл жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарының сырттан оқыту бөлімдерін 3 мыңнан аса оқытушы бітіреді. Келесі оқу жылында Алматының педагогикалық, шетел тілдері институтында да сырттан оқыту бөлімі ашылады.

(ҚазТАГ).

Малшыларға мәдени қызмет көрсету

ҚОҒАЛЫ. (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Аудандық үгіт-мәдениет бригадасы колхоздарды аралап қайтты. Бригада Калинин атындағы, Ворошилов атындағы, Молотов атындағы ауылшаруашылық артельдердің және Сарбұлақ қой совхозының отардары мал участкаларында болды.

Аудандық партия комитетінің лекторы Иванова жолдас малшылар арасында Еділ—Дон кеме қатынасы каналы, халықаралық жағдай туралы лекция оқыды. Концерттер берілді, қазақ тіліне аударылған «Баскыншылық», «Барлаушының ерлігі» фильмдері көрсетілді.

жөнелтіп жатыр. Коммунист Жуков және Константинов жолдасар қырманнан дайындау орындарына астықты үздіксіз жөнелту күресіне колхозшылар бұқарасын

Молотов атындағы, «Шұтты Орта» колхоздарының колхозшылары да ұйымшылдықпен кірісті. Калинин атындағы колхоздың мүшелері 300 гектар алаңдағы бидайды жаппай жыйнауға кірісті.

шылар алматы және С жөніндегі в бей 120—1 Осы колхоз

Жылдық жоспарды мінсіз орында

70 мың сом үнем

Төлеген Жұмабаевтың Петропавл вагон депосында ұсталық жұмыспен айналысқанына он жылдан асты. Осы уақыт ішінде ол көрнекті табыстарға жетті. Таңдаулы ұста өндірістік тапсырманы асыра орындаумен қатар, өндіріске жаңалық енгізетін рационализаторлардың қатарына қосылуда. Оның бастамасы бойынша кәзір депонның көтеріп жөндеу цехында вагон рессорлары қолдан жасалады. Мұның өзі қаржыны және металды көп үнемдеуге мүмкіндік беруде. Өткен жылды әңгіме етпегеннің өзінде, Сталиндік теміржолшылар күнін ол 70 мың сомнан астам мемлекет қаржысын үнемдеумен қарсы алды. Сөйтіп, сметналық тапсырманы 150—200 проценттен орындауға жетісті.

Таңдаулы ұста бұл табысқа көп ізденушіліктің, ерінбей еңбек етудің және озаттардың тәжірибесін тыңбай үйренудің арқасында жетті. Денода еліміздің жаңашылдары Жандарованың және Агафонованың үлгісімен жұмыс істеу жолындағы жарыстың инициаторы болды. Жұмабаев жолдас өндірісте жақсы нәтижеге жету үшін күнделікті жұмысқа алдынала әзірленіп отырады. Әрбір істің орындалуын сан жағынан емес, сапа жағынан бағалайды. Осының арқасында ол депо ұсталарының социалистік жарысында үздік алды келеді.

Кәзір Жұмабаев жолдас өзіне көтеріңкі міндеттеме алып, бұрынғыдан да көрнекті табысқа жету жолына аянбай күш жұмсауда.

Т. ҮСЕНОВ.

Олқылықтан әл

Облыстағы жолдарды жөндеу жөнінде өткізілген айлық аудандық жол бөлімдерінің жұмысын едәуір дәрежеде жақсартуға көмектесті. Айлық кезінде үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында істелетін жұмыстардың тең жартысынан артығы орындалды. Осы мерзімде облыстың 20 колхозы жолдарды жөндеу жөнінде тағайындалған жоспарды толық орындап шықты. Мәселен, Соколов ауданының Ленин атындағы колхозы, Полудень ауданының Чапаев атындағы колхозы және басқалары жылдық жоспардың едәуір асыра орындалуына жетісті.

Бірақ, жол құрылысының жоспары облысты тұтас алғанда ойдарыдай орындалмай келеді. Ең алдымен, жолдарды жөндеу және жаңадан салудың бірінші жартыжылдықтағы жоспарының өзі орындалмай қалды. Шынына келсек, айлық кезінде істелген жұмыстан басқа облыс жол шаруашылығы орындары мардымды ештеңе бітіре қойған жоқ. Бұған, біріншіден, жол шаруашылығы орындары кінәлі болса, екіншіден, еңбекшілер депутаттарының аудандық Совет атқомдері кінәлі. Өйткені, олар жол құрылысы жұмыстарына нақтылы басшылық жасамады, мұндай маңызды іске колхоздар мен колхозшылардың қатысуын қамтамасыз етпеді.

Бүгін осы уақытқа дейін Конохов ауданында жол құрылысы жұмыстарының жылдық жоспары 7 проценттей ғана орындалды. Ал, Ленин ауданында жоспар 29 процент орындалған.

Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында жол шаруашылығы орындары, ең-

алдымен, жөндеуден тыс еді. Бір айлық әлі күнге дейін атқарылған жол бөлімдерінің (жолдас) жұмысқа 70 мың сом қосылды. Осы сыяқтың және жолдарының табыстарына мән бермей. Бұл аудандық жол бөлімдерінің 4 проценті ғана орындалмай келеді.

Ал, Прес (председателі) жағдайды бай-ақ кезде аудандық белсене ара

Облыстағы спорттық жол машина-жол ресс жолдары тиіс. Бірақ толық пайдалануға жетпейтін де 37,2 процент соқты. Сол ішінде Мам

Бүкілроссиялық 30 жылдығы

партия баян-амасында на жа-ында то-рми-а жақын рі болың совет-«таза» аруалар- , сөйтіп, арасын малары-ан әре-кшілерді аранда-болған йтарды, ретінде еніндік-астығын XII пар-тиядағы арының жүзеге ату ісі-жүргізі-л. жаула-с ленин-ан ғана а социа-д аяқ-ан әрі даныш-ер пар-

В. М. Молотовтың «Устав секциясының жұмыстары туралы» баяндамасын тыңдап және талқылап, конференция партияға мүше алу туралы Уставқа жаңа ереже енгізді. Конференция (кірушілердің әлеуметтік жағдайына байланысты) партияға мүше алудың категорияларын тағайындады: жұмысшылар және жұмысшылар мен шаруалардан шыққан қызыл әскерлер; шаруалар (қызыл әскерлерден басқа) және басқаның еңбегін қанамайтын қолөнершілер және басқалары (қызметшілер, тағы сол сияқтылар). Бірінші категорияға жататын адамдарды партияға алу үшін үшжылдық стажы бар партия мүшелерінің үш рекомендациясы және қабылдауды уездік партия комитетінің бекітуі қажет болды. Екінші категория бойынша кірушілер үшін губерниялық комитеттің бекітуі қажет болды. Үшінші категория бойынша кіруші адамдар үшін бесжылдық стажы бар мүшелердің бес рекомендациясы және губерниялық партия комитетінің бекітуі керек болды. Категориясына байланысты кандидаттық стаж да әртүрлі болып белгіленді. Бірінші категория үшін кемінде 6 ай, екінші категорияға—бір жыл, үшінші категорияға екі—жыл.

Жаңа Уставқа партияның бірлігін нығайтуға, оның әлеуметтік құрамын жақсартуға мүмкіншілік туғызған бірқатар басқа да өзгерістер енгізілді. Жаңа Устав Лениндік-сталиндік жолдың жеңісі үшін күресте партияның қолындағы аса қуатты құралы болды.

XII партия конференциясының Ленин қойған міндеті: жеке шаруашылықты капиталға шабуылды әзірлеу үшін күштерді қайта топтауды жүзеге асыру жолындағы партия жүргізген күресте зор маңызы бол



Курскінің балық тресі Россия федерациясының колхоздары мен совхоздарында тоғандарды және өзен, көлдерді балықтандыру үшін жыл сайын бесжарым мың балық тұқымдарын өсіреді.

СУРЕТТЕ: (сол жақта) бригадир Я. Н. Рассаднев және жұмысшы И. М. Мезенцев балық тұқымын өсіретін тоғаннан «Ключики» балық шаруашылығының тоғанына жіберу үшін тұқымдық балықтарды аумақ ұстап жүр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Жақан Сыздықоз

Қанды таразы...

Тэдонган—өзен,

Моранбон—тауы,

Қоршаған тұман, айнала сұрғылт.

Күркіреп толқын, сұрапыл дауыл,

Жапырып гүлді, лақтырып, қылғыл...

Жаңғырып шындар, шақылдап тастар,

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 3 август. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін Корея Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе қыймыл жасай отырып, майданның жекелеген участоктерінде қорғаныс ұрыстарын жүргізді, жаудың атакаларын тойтарып тастады және оны зор шығындарға ұшыратты деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит артиллериясы бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар жаудың 4 самолетін атып түсірді және 2 самолетін зияндады.

Американ авиациясының Кореяның бейбіт селоларына жаңадан аюандықпен шабуыл жасауы

ПХЕНЬЯН, 2 август. (СОТА). Американ авиациясы Солтүстік Кореяның бейбіт елді пункттерін әлі де аюандықпен бомбалап келеді. Кореяның орталық телеграф агенттігі Вонсан маңындағы селоларға топталған самолеттердің жаңадан бомбалар тастағандығын хабарлады. Бұл аюандық шабуылға американдық 200-дей самолет қатысқан, олар Вонсан маңындағы бейбіт елді пункттерге шексіз көп жарылғыш және оталғыш бомбалар тастаған, сол сы-

яқты, пулеметтен аяусыз атқылаған. Бұл шабуылдың салдарынан жүздеген бейбіт адамдар өлтірілген және жараланған, олардың көпшілігі әйелдер мен балалар. Көптеген шаруалардың тұрғын үйлерінің тас-талқаны шығарылған. Әуе жыртқыштары, делінген хабарда, қыйраған үйлердің астынан шыға алған әйелдер мен балаларға қорғасын оқты аяусыз атқылады. Халық корей жерінде жаңа аюандық жасаған американ озбырларына қарғыс айтуда.

Чикагода забастовка жасаушыларды тұтқындау

НЬЮ-ЙОРК, 1 август. (СОТА). Баспасөздің хабарлауына қарағанда, Чикагонның полициясы электр және радио өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының жергілікті бөлімшесі Бірлестігінің 141 мүшесін тұтқындаған. 31 июльде бұл жұмысшылар забастовка жариялаған және «Интернейшнл Харверстер» компаниясының бір заводын қолдарына алған. Бұл завод ауылшаруашылық машиналарын жасайтын завод. Забастовка жасағандар компаниядан 150 жұмысшының шығарылуына қарсы наразылық білдіреді.

Кәсіподақтың жергілікті бөлімшесінің председателі Рэй былай деп мәлімдеген: «Біздің жұмысшылар компанияға миллион даған табыс енгізді. Біз өзімізді көшеге тастауға және жұмыссыз қалдыруға жол бермейміз». Басқа да кәсіпорындарының жүздеген жұмысшылары ереуіл жасаушыларға өздерінің тілектестігін білдіру және оларға азық-түлік беру үшін завод маңына жыйналған.

ЖАПОНИЯ ПАРЛАМЕНТІ XIII СЕССИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

ТОКИО, 2 август. (СОТА). 31 июльде Жапония парламентінің XIII сессиясы аяқталды. Сессияның жұмысы 235 күнге со-

Оппозиялық партия Жапония парламентінің төменгі палатасының тезірек өсуі және жалпыға бірдей сайлау өткізу тура-

дақтары еңбекшілер бұқарасы үшін басқару мектебі, шаруашылық мектебі, коммунизм мектебі, мемлекеттік өкметтің қоны, пролетариат диктатурасының қуатты әрегі болып табылады деп көрсетті. Кәсіпшіліктері, дәл көрсетті Ленин мен Сталин, оның бүкіл жұмысын иландыру әдісіне келуіне тиіс.

Конференция кәсіподақтарын одан әрі ұйықтауға және халық шаруашылығын қалпына келтіріп өркендетуге, жеке шаруашылықты капиталға шабуылды әзірлеуге олардың ролін күшейтуге бағытталған бірқатар шаралар белгіледі.

XII конференция кәсіподақтарына партия тарапынан идеялық-саяси басшылықты күшейту қажеттігін көрсетті.

қарарының зор маңызы болды. Бұл қарар партия мүшелерінің революцияшы қырағылығын көтерді және оларды Совет өкметінің жауларын толық талқандау жолындағы күреске жұмылдырды, мүнез елімізде пролетариат диктатурасын сақтауға және социализм орнатуға мүмкін емес еді.

Конференция партияның жаңа Уставын талқылап, қабылдады. Буржуазиялық идеологияға және әртүрлі антисоветтік партиялар мен олардың троцкисттер және басқа антилениндік элементтер сияқты агентурасына қарсы кескілескен күрес жағдайында партияның бірлігін одан әрі нығайту, оның әлеуметтік құрамын жақсарту және оның қатарын жау элементтерден тазарту жөнінде батыл шаралар қолдану қажет болды.

ағылшын соғыс өрті тұтандырушыларға қарсы, бейбітшілік, демократия және социализм үшін күреске рухтандырып отыр.

Туысқан жұмысшы және коммунист партиялары БК(б)Н-ның бай тәжірибесін басшылыққа алады.

XII-партия конференциясының 30 жылдығы атап өтіп, ССРО-ның еңбекшілері күрес пен жеңістердің өтілген дақты жолына мақтанышпен қарайды. Ленин—Сталин партиясының басшылығымен совет халқы социализм орнатты, Ұлы Отан соғысында дүниежүзілік-тарихи жеңіске жетті, көзір коммунизмнің әулім үйін ой дарғыдай салуда.

И. НИКИТИН,
Тарих ғылымдарының кандидаты.

Трумэн отыр таразы тартып,
Бір жағы — доллар,
Бір жағы — каннан
Құмырып қанға, шомылып, малтып,
Айырылған азып
Бейіл мен ардан!

НЬЮ-ЙОРК, 2 август
шылыққа байланысты к
жарияланған америк
көзірдің өзінде 10-ға ж
лық 8 апта бойына со
Фермерлердің көрген

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында
Бүгін және күн сайын
КӨРКЕМ СУРЕТТІ ФИЛЬМ
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» ки
Бүгін және күн сайын
«МАСКА»
Сеанстар сағат 6-8-10

«ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ПАЙД
Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Совет аткомін

Қаладағы кәсіпорындарының мекемелер мен тұрғын үйлердің электр қуатымен бір келкі және үздіксіз жабдықталуын қамтамасыз ету мақсатында, қалалық Совет аткомі қаулы етті:

1. Қалалық электр сәті арқылы электр қуатымен тек қалалық электр сәтінің рұқсаты бойынша және тағайындалған норма мен ғана пайдалануға жол берілсін.

2. Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары және үй иелері мыналарға міндеттелсін:

а) өздеріне берілген электр қуатын тек қана өзінің тиісті орнына және белгіленген норма мөлшерінде пайдаланатын болсын;

б) ішкі проводтар, өшеу аспаптар үнемі техникалық жағынан жөнделген калпында ұсталсын, ондайларды жөндеу керек болған жағдайда қалалық электр сәтіне хабарлансын;

в) электр жабдықтарының жарамсыздығы және пайдалану ережесін бұзғандығы анықталғандығы жөнінде қалалық электр сәтінің техникалық надзорының бұйрықтары деркесінде орындалсын;

г) қалалық электр сәті өкілдерінің тиісті куәлігін көрсеткеннен кейін электр сәті және аспаптарға бақылау жүргізілуіне жол берілсін;

д) электр қуатын пайдалану ақысы деркесінде төленсін;

е) адресін ауыстырған реттерде бұл жөнінде жеті күн ішінде қалалық электр сәтіне хабарланатын болсын;

3). мыналарға тыйым
а) қалалық электр сәті электр қуатын пайдалануға;
б) жөнделмеген және сәті рұқсат бермеген пайдалануға;

в) қалалық электр сәті электр сәті жолдарында жұмыстар жүргізуге;

г) күндіз электр жарығы және жұмыс уақыты ішінде электр шамдарын сөндірмеу;

д) сәтчиктер жоқ болған жерде ретке келтірілген электр сәтінің қалалық электр сәтіне қосылуына жол берілмегенін, бұларды тиындай қылып бекітіп қалдыруға;

4. Өнеркәсіп орындары мыналарға міндеттелсін:

а) біржарым ай ішінде агрегаттарды жұмыс істеуге қуаты бар агрегаттармен ауыстыру;

Қалалық электр сәті шарт бұл қарарды орындамағандығын анықтаған жағдайда, электр қуатын беру тоқтатылуына жол берілмегенін, бұларды тиындай қылып бекітіп қалдыруға;

Петропавл қала.
Петропавл қала.

Физкультура мен спортты өрістетуге береміз

Спортшыларымыз өздерінің спорт шеңберліктерін арттыру жолында үздіксіз ізденіспен, аудандық жарыстарда бірқатар жеңістерге ие болып отыр. Мәселен, аудандық жазғы спартакиадада жеңіл атлетикадан аудандық рекордтар жаңартылды.

Булаев орта мектебінің физкультура коллективі аудандағы таңдаулы коллектив болып саналады. Бұл коллектив облыстық спартакиадада 100 метрлік жаю жүгіру және биіктіктен секіру жарысында тамаша нәтиже көрсеткен. Б. Садовничев, төрт километрлік жаю жүгіру жарысында үздік табысқа ие болған Н. Булаев сияқты спортшыларды тәрбиелегендерді. Бұл нәтижелер Бүкілқазақтық үшінші разрядтың көрсеткіштері.

Чистов совхозының физкультура коллективі де жұмысты жақсы істейді. Бұл коллективтің спортшысы Б. Ақтанов үрестен облыс чемпионы атағына, Б. Булаев облыстық жарыста жеңіл салмақтылар ішінен штанг көтеруден бірінші орынға ие болды. Шағурский облыстық шаңғы спорты жөніндегі чемпионы.

Көзір Карл Маркс атындағы колхозда спорт жұмысы айтарлықтай жақсартыла бастады. Күрес спорты бойынша облыс чемпионы атағын алған Ж. Байғанов пен Қасенов колхоз физкультура коллективінің мақтанышы болып саналады.

Аудандағы бұл үш коллективтен бес адам Бүкілқазақтық жарысқа қатысу үшін облыстық жыйынтық командасының құрамынан орын алды.

Ауданымызды тұтастай алғанда 170 адам бірінші дәрежелі ГТО значкиетер, 66 спортшы разрядшы, спорт жөніндегі төрт судья даярлан шығарылды.

Осындай азды-көпті жетістіктермен бірге, бізде әлі де болса жаппай физкультураны өрістетуге ісінде кейбір кемшіліктерге жол беріліп келеді. Бізде

«Гигант», Коминтерн атындағы колхоздардағы сияқты кейбір физкультура мен спорт жұмысын кеңінен өрістетуге алмай отырған физкультура коллективтері жоқ емес. Бұл колхоздарда спортпен шұғылдануды тілейтін жастар көп-ақ. Бірақ, ондай колхоздардың басшылары өз колхоздарында физкультура мен спортты өрістетуге жете мән бермей келеді. Колхоз председателдерінің физкультура мен спорттың маңызын бағаламау сияқты әдеттен арылатын уақыты жетті.

Біз қолда бар мүмкіншіліктерді пайдалана және жаппай физкультура мен спортты одан әрі өрістетуге үшін күш жұмсай отырып, өзіміздің жұмысымызды БК(б)П Орталық Комитетінің 1948 жылғы қаулысын мұлтіксіз жүзеге асыруға бағыттап жүргізе береміз.

А. ДАНИЛОВ,
Булаев аудандық физкультура және спорт комитетінің председателі.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы, — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілу